

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»**  
**Талапкер 2024 ж.**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

<b>Кафедра атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	<b>Топ</b>	<b>Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау</b>	<b>Даярлық топ</b>	<b>Шектік балл</b>
«Эстрада өнері»	«6B02181 Эстрада вокалисі»	Қазақ Орыс	Арнайы орта кәсіптік білім: колледждің Эстрадалық вокал мамандығы бойынша, сонымен қатар, колледждің академиялық ән салу, дәстүрлі ән салу және хор дирижері мамандықтарынан кейін тыңдалымнан өткен жағдайда құжаттарды тапсыруына рұқсат.	Жоқ	75 грант және ақылы

• **6B02181 «ЭСТРАДА ӨНЕРІ-ЭСТРАДА ВОКАЛИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

ҚазҰӨУ «Эстрада өнері-эстрада вокалисі» мамандығы бойынша дайындық бөлімін тәмамдаған талапкерлер (яғни, орта білім беру мектептері/лицей/гимназия 11 сынып құжаты + «вокал» мамандығы бойынша музыкалық мектептердің толық курсы жөнінде куәлік-аттестат)

Егер жоғарыда аталған талаптар орындалса және кәсіби деңгейді бағалаудың жалпы критерийлеріне сәйкес болса, ендеше инклюзивті білім беру мүмкін болады.

## **Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:**

### **БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

#### **Мамандық.**

- Мамандық бойынша емтихан тиісті деңгейдегі күрделілік пен көлемді бағдарламаны жатқа орындауды білдіреді;
- Интонация және тембр, есту және метр-ырғақтық қабілеттерін тексеру мақсатында қазақ халық әні немесе қазақ халық композиторларының әндері. *Заманауи, кәсіби қазақстандық және кеңестік композиторлардың әндеріне рұқсат етілмейді!!!*
- Әлемдік хит (минуспен);
- Өз қалауы бойынша ән, яғни, алдыңғы екі әнге сипаты, жанры, стилі және т.б. бойынша қарама-қайшы ән.

#### ***P.S. Комиссияның шешімі бойынша 1 шумақ пен қайырмадан кейін орындалу тоқтатылу мүмкін.***

- **сұрақ-жауап (ауызша)**
- **сұрақ-жауап** – музыкалық орындаушылық саласындағы білімді тексерудің ауызша түрі.
- сұрақтар келесі мәліметтерді қамтуы мүмкін:
- музыкалық колледж бағдарламасының музыкалық әдебиеті бойынша білім;
- мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім;
- орта арнаулы эстрадалық музыкалық білім деңгейіндегі музыкалық терминдер мен жалпы теориялық мәселелерді білу;
- емтиханда орындалатын шығармалардың бірі туралы айта білу: стиль, интерпретация және басқа да ерекшеліктері жайлы.

#### **Бағалау критерийлері:**

1. интонация тазалығы – 10 балл
2. вокалдық қабілеттердің бірегейлігі мен сипаты (техникалық мүмкіндіктер) – 20 балл
3. орындаушылық шеберлік – 10 балл
4. орындаған бағдарлама бойынша сұрақ-жауап (ауызша) – 10 балл.

### **ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

#### **Сольфеджио**

#### **Жазбаша:**

- Бірінші дәрежелі тональдік ауытқуларымен және джаз әуенінің элементтерімен, оның ішінде ырғақты қиындықтардан (синкопа және триольдер) тұратын бір дауысты диктант.
- Жазу уақыты – 30 минутке дейін.
- Ойнау саны – 10 рет.

### *Ауызша:*

- Мажор-минор гаммаларын әндету (шынайы, үйлесімді және сарынды);
- Ладтың диатоникалық сатыларын есту арқылы анықтау және әндету, аралықтарды берілген дыбыстан және тональдікте (үштондықтар, ерекше аралықтар шешілуімен), мажор және минор үшдыбыстылықтары айналымдарымен; кішірейтілген және ұлғайтылған үшдыбыстылықтар негізгі түрінде, D7 айналымдарымен; II7 айналымдарымен; VII7 негізгі түрінде;
- 2/4, 3/4, 4/4, 6/8 өлшемдерінде хроматизм элементтерімен және параллельді немесе доминанта тональділігіне ауытқулары бар мажор және минордағы бір дауысты әуендерді әндету.

### **Музыка теориясы**

#### *Жазбаша*

- кез келген сатыдан мажор және минор гаммаларының 3 түрін құру (шынайы, үйлесімді, сарынды); хроматикалық гамманы; екі еселенген сарынды мажор және минор; халық әуен саздарын; берілген дыбыстан және тональділікте пентатоника; жоғары-төмен құру: қарапайым және күрделі аралықтарды, үштондықтарды, ерекше аралықтарды, кішірейтілген терция мен ұлғайтылған секста;
- диатоникалық және хроматикалық аралықтарды анықтау, оларды шешу және қандай тональділіктерде кездесетінін көрсету; берілген дыбыстан жоғары-төмен мажор және минор үшдыбыстылықтарын айналымдарымен; ұлғайтылған және кішірейтілген үшдыбыстылықтар негізгі түрінде; кіші мажор (D7) айналымдарымен, кіші минор (II7) айналымдарымен; кіші септаккорд кішірейтілген квинта айналымдарымен, кішірейтілген септаккорд айналымдарымен – кездесетін тональділіктерді анықтау және тұрақты дыбыстарға шешу;
- берілген тональділікте аккордтар тізбегін құру, мысалы: VII7–D<sup>6</sup>5 – T– T6– S<sup>5</sup>3– D2– T6 – T
- қарапайым немесе күрделі өлшемде жазылып ұсынылған музыкалық үзінді бойынша топтастыру жасау және тактілерді белгілеу.

#### *Ауызша*

- секвенцияны ойнау;
- музыка теориясы курсынан сұрақтар.

## Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Көркем және мәнерлі орындаушылық;</li> <li>• Орындалатын шығармалардың стиліне сәйкес сенімді интерпретация, эстрадалық-вокалдық техниканы және дыбыс сапасын жоғары деңгейде меңгеру;</li> <li>• Музыка тарихы, теориясы және орындаушылық өнер туралы кең білімдерін көрсету.</li> </ul>	45-50	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс мінсіз, қатесіз және ескертусіз орындалды;</li> <li>• Диктант сауатты, қатесіз жазылған;</li> <li>• Реттілік түрін емтихан алушы ұсынған тізбек ырғақты дәл, бір қарқынмен тоқтаусыз айналған;</li> <li>• Әндетуі интонациялық таза және ырғақты дәл;</li> <li>• Музыка теориясы бойынша мінсіз жауап.</li> </ul>
40-44	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарлама жоғары кәсіби деңгейде, көркем және мәнерлі орындалды;</li> <li>• Эстрадалық-вокалдық техниканы және дыбыс сапасын жоғары деңгейде меңгеру;</li> <li>• Музыка тарихы, теориясы және орындаушылық өнер туралы жақсы білім.</li> </ul>	40-44	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс кішкене түзетулермен сауатты орындалды;</li> <li>• Диктант толығымен жазылған, бірақ кішігірім түзетулер енгізілді;</li> <li>• Реттілік түрін емтихан алушы ұсынған тізбек ырғақты дәл айналған, бірақ шағын аялдамалармен.</li> <li>• Әндетуі сенімсіз, бірақ интонациялық таза және ырғақты дәл;</li> <li>• Музыка теориясы бойынша өте жақсы білім.</li> </ul>
35-39	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Орындалатын шығармалардың стиліне жеткіліксіз сенімді интерпретация және сәйкестік, эстрадалық-вокалдық техниканы және дыбыс сапасын жақсы меңгеру;</li> <li>• Музыка тарихы мен орындаушылық өнер туралы жеткілікті білімін көрсету.</li> </ul>	35-39	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс бірнеше кішігірім қателіктермен орындалады;</li> <li>• Диктант толығымен жазылған, бірақ әуен мен ырғақта кішігірім қате кеткен;</li> <li>• Реттілік түрін өтініш берушінің өзі таңдаған тізбек ұсақ қателермен айналған;</li> <li>• Әндету жақсы, бірақ ырғақтық тұрғыдан қателіктер бар;</li> <li>• Жақсы теориялық білім.</li> </ul>

30-34	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Орындаушылық сенімсіз, түсініксіз, техникалық қателер бар, орындалатын музыкаға өзіндік көзқарасы жоқ;</li> <li>• Музыкалық өнердің теориясы мен тарихынан жеткіліксіз білім.</li> </ul>	30-34	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс аздап қателіктермен орындалған;</li> <li>• Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қателері бар;</li> <li>• Реттілік түрін өтініш берушінің өзі таңдаған тізбек дәл айналмаған, яғни, ырғақпен және қарқынмен емес;</li> <li>• Әндету жақсы, бірақ ырғақтық тұрғыдан қателіктер бар;</li> <li>• Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.</li> </ul>
25-29	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Көптеген техникалық қателері бар тұрақсыз, әсерсіз орындаушылық;</li> <li>• Музыка тарихы мен орындаушылық өнер туралы аздаған білім.</li> </ul>	25-29	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс көптеген қателіктермен орындалған;</li> <li>• Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателіктер жіберілген;</li> <li>• Өтініш беруші таңдаған секвенция түрі аяғына дейін айналмаған;</li> <li>• Әндету интонациялық таза емес және ырғақты дәл емес;</li> <li>• Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.</li> </ul>
20-24	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сенімсіз интерпретация және мәтіндік қателері бар, эстрадалық-вокалдық техниканы және дыбыс сапасын жеткіліксіз меңгеру;</li> <li>• Музыка тарихы мен орындаушылық өнер туралы аздаған білім.</li> </ul>	20-24	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс үлкен қателіктермен орындалған;</li> <li>• Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар;</li> <li>• Өтініш беруші өзі таңдаған секвенция түрі аяғына дейін айналмаған, қателермен және тоқтаулармен;</li> <li>• Әндету нақты емес, үнемі түзетуді қажет етеді;</li> <li>• Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар.</li> </ul>
15-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Орындалатын шығармалардың мәтінде көптеген қателіктер жіберу;</li> <li>• Техникалық тұрғыдан орындаушылықтың жеткіліксіздігі;</li> <li>• Сапасыз дыбыс жүргізу;</li> </ul>	15-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазбаша жұмыс толық орындалған жоқ;</li> <li>• Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар;</li> <li>• Өтініш беруші өзі таңдаған секвенция түрі көптеген қателермен, ырғақсыз айналған;</li> <li>• Әндету нақты емес, үнемі түзетуді қажет етеді;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>Музыка тарихы мен орындаушылық өнер бойынша қажетті білімнің болмауы.</li> </ul>		<ul style="list-style-type: none"> <li>Салғырт теориялық білім.</li> </ul>
10-14	<ul style="list-style-type: none"> <li>Стиль сәйкестігіне қатысты бағдарлама талаптарының деңгейіне сәйкес келмейтін орындаушылық;</li> <li>Ән айту техникасының жеткіліксіз деңгейі;</li> <li>Музыка тарихы мен орындаушылық өнер бойынша қажетті білімнің болмауы.</li> </ul>	10-14	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жазбаша жұмыс соңына дейін орындалмаған, үлкен қателіктермен;</li> <li>Диктант толығымен жазылмаған, көптеген қателіктермен;</li> <li>Секвенцияның екі бөлігі қателермен айналған;</li> <li>Әндету нақты емес;</li> <li>Теориялық білімді нашар меңгерген.</li> </ul>
5-9	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарламаның талаптарға сай болмауы;</li> <li>Негізгі техникалық нюанстарды орындауда кәсіби дағдылардың болмауы, ән айту аппаратының тығыздығы;</li> <li>Музыка тарихы мен орындаушылық өнер бойынша білімнің болмауы.</li> </ul>	5-9	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жазбаша жұмыс орындалмаған;</li> <li>Диктант соңына дейін жазылмаған;</li> <li>Секвенция айналмады;</li> <li>Әндету фрагментті, қателіктермен;</li> <li>Теориялық материалды меңгермеген.</li> </ul>
0-4	<ul style="list-style-type: none"> <li>Емтиханнан өтпейді</li> </ul>	0-4	<ul style="list-style-type: none"> <li>Емтиханнан өтпейді</li> </ul>

**Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша:** [estradakaznui@mail.ru](mailto:estradakaznui@mail.ru)

**Оқуға түсудің жалпы мәселелері:** [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)